Дүйсенбаева Гүлзипа Жұмабайқызының «8D042 –Құқық» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін жазылған «Парақорлыққа қарсы іс-қимыл: қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері» тақырыбындағы жазылған диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Диссертациялық зерттеуде сыбайлас жемқорлық мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігінің жай-күйіне деструктивті әсер ететін қоғамдық өмірдегі аса қауіпті факторлардың бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлықтың мемлекетке қарсы және қоғамға қауіпті құбылыс ретіндегі негізгі қауіптілігі оның мемлекеттік құрылымның негіздеріне және қоғам өмірін құқықтық реттеудің конституциялық негіздеріне деструктивті әсері болып табылады. Бұл, ең алдымен, сыбайлас жемқорлыққа жол берген мемлекеттік қызметкерлердің қызметі мемлекеттік құрылымның тұрақты және тиімді дамуын қамтамасыз етуге емес, жеке немесе материалдық пайданың әртүрлі түрлерін алуға бағытталғандығына байланысты. Бұл жағдай құқықтың тиімділігі мен мемлекеттің қызмет етуінің төмендеуіне әкеліп соқтырады, оның әртүрлі қызмет салаларындағы мүдделеріне тікелей қарсы тұрады, ал кейбір жағдайларда азаматтардың, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігіне тікелей қауіп төндіреді.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының бірі ретінде парақорлық қылмыстары болып табылады, парақорлық қылмыстарына: ҚК 366-бабына сәйкес, пара алу - мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның не лауазымды адамның, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамының пара берушінің немесе оның өкілі болған адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса не ол лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал жасай алатын болса, сол сияқты жалпы қамқорлығы немесе жол берушілігі үшін өзіне немесе басқа адамдарға ақша, бағалы қағаздар, өзге мүлік, мүлікке құқық немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде жеке өзі немесе делдал арқылы пара алуы;

ҚК 367-бабына сәйкес, пара беру - мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамға не оған теңестірілген адамға немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамға не лауазымды адамға, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамына жеке өзіне немесе делдал арқылы пара беру;

ҚК 368-бабына сәйкес, парақорлыққа делдал болу - парақорлыққа делдал болу, яғни пара алушыға және пара берушіге олардың арасындағы пара алу және беру туралы келісімге қол жеткізуге немесе оны іске асыруға ықпал ету болып табылады.

Парақорлық оның барлық нысандары қылмыстық сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың бір түрі ретінде (ҚР ҚК-нің 366-бабы пара алу), (ҚР ҚК 367-бабы пара беру), (Қазақстан Республикасы Қылмыстық

кодексінің 368-бабы парақорлыққа делдал болу) жалпы сыбайлас жемқорлықтың және оның ішінде сыбайлас жемқорлық қылмыстың негізін құрайды және Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне елеулі қатер төндіреді.

Диссертациялық зерттеудің әдістері. Диссертациялық зерттеу жалпы ғылыми әдістердің (логикалық, әлеуметтік, тарихи, статистикалық, индукция, дедукция, модельдеу, талдау, синтез, жинақтау, салыстыру, абстракциялау, жүйелі, сауалнама), және арнайы әдістер (диалектикалық, сапалық және сандық талдау, салыстырмалы-құқықтық, формальді-логикалық, талқылау, техника-заңи талдау) негізінде орындалды.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығына автор қылмыстық-құқықтық және криминологиялық құралдарды пайдалана отырып, сыбайлас жемқорлыққа оның ішінде парақорлыққа қарсы іс-шаралар кешенін ғылыми тұрғыдан зерделеуге және сыбайлас жемқорлыққа оның ішінде парақорлыққа қарсы күрес саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеуге әрекеттенуінен тұрады.

Диссертациялық зерттеу нәтижелерінің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы оларды құқық қолдану қызметінде, құқық шығармашылық қызметті, қызметкерлердің осы қылмыстарды саралауда, оқу процесінде қолданудан тұрады.

Ғылыми жұмыстың құрылымы мен көлемі ғылыми жұмыстың сипатына, жұмысты жазу деңгейіне қарай негізделген, сондай ақ ғылыми жұыстың мақсаты мен міндеттеріне жетуді қамтамасыз етеді.

Докторанттың ғылыми жұмысы нормативтік сілтемеден, анықтамалардан, белгілеулер мен қысқартудан, кіріспеден, 8 тараушаны біріктіретін үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады.

Жоғарыда айтылгандарды ескере отырып, ғылыми кеңесші ретінде Дүйсенбаева Гүлзипа Жұмабайқызының «8D042 –Құқық» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін жазылған «Парақорлыққа қарсы іс-қимыл: қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері»тақырыбындағы жазылған диссертациялық жұмысы ғылыми жұмыстарға қойылатын барлық талаптарға сәйкес келеді және көпшілік алдында қорғауға ұсынылады.

Отандық ғылыми кеңесші:

Каспий қоғамдық университеті
«Әділет» жоғары құқық мектебінің профессоры
заң ғылымдарының докторы, профессор
ҚР ІІМ Еңбек сіңірген қызметкері Акимжанов Т.К.

«12» 06 2024 жыл.